

Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдеріндегі бағалы қағаздарды есептен шығару туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 2001 жылғы 27 қаңтардағы N 764 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің 2001 жылғы 28 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1411. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 116 қаулысымен.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдеріндегі бағалы қағаздарға бірыңғай есеп жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы заңының 55-бабы 1-тармағының 6) тармақшасының, Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағы 36) және 38) тармақшаларының және "Активтерді Басқарушылар Қауымдастыры" Қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігінің 2000 жылғы 04 тамыздағы N 10-1/55 хатының негізінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) **Директораты** **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Зейнетақы активтерін **инвестициялық** басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестиациялық портфельдеріндегі бағалы қағаздарды тек қана **ЛИФО** (ағылшын тіліндегі "LIFO" ("Last In - First Out")) әдісімен есептен шығаратындықтары белгіленсін, яғни соңғы сатып алған бағалы қағаздарды бірінші кезекте есептен шығарумен.

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Зейнетақы активтерін инвестиациялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың осы Қаулы күшіне енгізілген күнінен бастап бір ай ішінде өздерінің есеп жүргізу саясатын осы Қаулының 1-тармағына сәйкес келтіруге міндettі екендіктері белгіленсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппараты Лицензиялау және қадағалау департаментінің Инвестициялық қызметті реттеу басқармасы:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, "Мемлекеттік

жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің, кастодиан-банктердің

на з а р ы на ж е т к і з с і н ;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Қазақстан Республикасы Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің
Жинақтаушы зейнетақы қорларының
қызметін реттеу жөніндегі комитетімен
келісілген
Комитет Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК